

Қызылорда облысында "Днепр" РС-20 ресейлік зымыран тасығышы құлауының салдарын зерделеу жөніндегі үкіметтік комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 шілдедегі N 710 Қаулысы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағындағы "Днепр" РС-20 ресейлік зымыран тасығышының авариясы фактісін тергеу, ықтимал салдарды болдырмау, залалды және медициналық-санитарлық, экологиялық, техногендік салдарды айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мынадай құрамда Үкіметтік комиссия құрылсын:

- | | |
|----------------------------|---|
| Әбдімомынов | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, төраға |
| Азамат Құрманбекұлы | |
| Қуандықов | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі, төрағаның орынбасары |
| Болатбек Баянұлы | |
| Қасымов | - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі |
| Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы | |
| Айтжанов | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі |
| Дулат Нулиұлы | |
| Жошыбаев | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары |
| Рәпіл Сейітханұлы | |
| Палымбетов | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| Болат Әбілқасымұлы | |
| Бірәлиев | - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі |
| Әлжан Хамидоллаұлы | |
| Құсдәулетов | - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі |
| Дулат Рашитұлы | |
| Зәкиев | - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары - Шекара қызметінің директоры |
| Болат Сейітқазыұлы | |
| Оспанов | - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің төрағасы |
| Бақыт Сағындықұлы | |
| Көшербай | - Қызылорда облысы әкімінің орынбасары |
| Айтбай Көшербайұлы | |

- Белоног
Анатолий Александрович
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы -
Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері
- Қосынов
Алмас Олжабайұлы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы
- Сатылғанов
Диханбек Жанқоразұлы
- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс, әскери бөлімдер және жедел ден қою департаментінің директоры
- Бәденов
Фазылолла Жұмағазыұлы
- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Жедел жоспарлау департаментінің бөлім бастығы

2. Жүктелген міндеттерді орындау үшін Үкіметтік комиссия белгіленген тәртіппен қызығушылық тудырған мәселелер бойынша орталық (оның ішінде олардың аумақтық бөлімшелерінен) және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпарат, ұсыныстар мен қорытындылар алуға, сондай-ақ олардың мамандарын комиссия жұмысына тартуға құқылы.

3. Үкіметтік комиссия қысқа мерзімде:

аварияның медициналық-санитарлық, экологиялық және техногендік салдарын айқындасын;

аварияның әсерін шектеу бойынша бірінші кезектегі шаралар жөнінде ұсыныстар берсін;

талап қою үшін зиян сомасын белгілесін;

авария салдарын жою үшін қажетті іс-шараларды іске асыру мерзімін және олардың тізбесін айқындасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі